

Жабасақ ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 26 маусымдағы № 2 "Көшелерге атау беру туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы Жабасақ ауылдық округінің әкімінің 2017 жылғы 14 наурыздағы № 3 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 3 сәуірде № 5387 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 9 ақпандағы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңына сәйкес, Жабасақ ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жабасақ ауылдық округі әкімінің қазақ тіліндегі 2008 жылғы 26 маусымдағы № 2 "Көшелерге атау беру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3-2-52 тіркелген, 2008 жылғы 14 тамыздағы аудандық "Жаңалық жаршысы" газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгеріс енгізілсін:

қазақ тіліндегі шешімнің кіріспесіндегі "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" сөздері "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" сөздерімен ауыстырылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жабасақ ауылдық
округінің әкімі*

Т.Жусупов